

«Бекітілді»

КМҚК №29 «Нұрсая» бөбекжай-бақшасы

№1 педагогикалық кеңесте

26 тамыз 2021 жыл

Шешімі негізінде №67 бұйрық



**2021-2022 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқу бағдарламасын
іске асыру бойынша жылдық перспективалық жоспары
Кіші №4 «Шұғыла» тобы**

Кіші топ 2021 жыл қыркүйек айы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Мақсаты: балалардың бойында балабақша туралы түсініктерін, танымдық қабілеттерін, ой- өрістерін кеңейте отырып бірлескен әрекетке қызығушылықтарын дамыту;

Міндеттері:

- денсаулық сақтау технологиясы негізінде дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін қалыптастыру;
- дидактикалық ойындар арқылы тілдік қарым –қатынас дағдыларын, сөздік қорларын қалыптастыру;
- өз достарымен бірігіп ойнау барысында балалардың танымдық қабілеттерін дамыту;
- балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру және шығармашылық әрекетті дамыту;

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0
I апта	Менің балабақшам	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Тәрбиешінің артынан баяу жүру. Біркалыпты жүгіру. Қимылды ойын: «Балабақшаға барамыз» 2. Дене шынықтыру Шеңбер бойымен қол ұстасып жүру. Біркалыпты жүгіру. Қимылды ойын: «Топта шар үрлейік» 3. Дене шынықтыру Алаңның бір шетіне доптың артынан баяу жүру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Балабақшадағы көңілді доптар»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Біздің балалар қайда екен?» Мақсаты: Балаларды топ бөлмелерімен таныстыру кезінде сұрақ-жауап әдістерін қолданып пассивті және белсенді сөздік қорларын кеңейту. Байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру	Сенсорика Тақырыбы: «Құлыншаққа арналған жол» Мақсаты: жолақшаны түстерді алмастыра отырып қоя алуға үйрету. балаларға құлыншақтың жолын жасау үшін, берілген 4 түстен: қызыл, көк түсті табуға үйрету. Үстел –үсті ойыны: «Жол жаса» Жаратылыстану Тақырыбы: «Күз» Мақсаты: Күз мезгіліндегі маусымдық өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру. Балалардың білуге деген құштарлығын, есте сақтау қабілетін, зейінін, сөйлеу қабілетін дамыту. Табиғатты аялай білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Қарындаш ізін салайық» Мақсаты: сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, үш саусақты арасына қарындашты дұрыс ұстауға үйрете отырып, көлденеңінен, тігінен сызықтар сызуды үйрету. Қағазбен, майлы қарындашпен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; 1.Музыка Тақырыбы: «Біздің балабақшамыз» Мақсаты: Музыканы тыңдауға, әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру. Жетекшінің дауыс ырғағына еліктеу. Ән тыңдау: «Біздің балабақшамыз» (Т.Молдағалиев, Н.Тілендиев). Ән айту: Бала, бала, балапан» (Ж.Смақов, И.Нүсіпбаев). Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Жүреміз, жүгіреміз» 2.Музыка Тақырыбы: «Біздің балабақшамыз» Мақсаты: Музыканы тыңдауға, әннің мағынасын түсінуге қалыптастыру. Созылыңқы дыбысталуға еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту Ән тыңдау: «Біздің балабақшамыз» (Т.Молдағалиев, Н.Тілендиев). Ән айту: Бала, бала, балапан» (Ж.Смақов, И.Нүсіпбаев). Әуенді ырғақты қимыл- ойын:«Жүреміз, жүгіреміз»Г.Абдрахманова	Балабақшаның күн тәртібіне бейімделулерін е жағдай жасау
II апта	Менің достарым	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Жұптасып жүруге дағдыландыру. Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Қимылды ойын: «Менің досым» 2. Дене шынықтыру Шеңбер бойымен жұптасып жүру. Қонжыққа дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» 3. Дене шынықтыру Допты қос қолдап лақтыру. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіру. Қимылды ойын: «Ақ қоянмен бірге»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Екі дос» (өлең) Қадыр Мырза Әли Мақсаты: оқылған өлеңді тыңдауда шыдамдылыққа, өзара сыйластыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Досыңды тап».	Құрастыру Тақырыбы: «Тар және кен жолдар» Мақсаты: балаларды құрылыс материалдарының түрлерімен таныстыру, түстерін ажырата білуге, кірпіштерден жолдар құрастыра алуға үйрету. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Себет толы жемістер</i>» Мақсаты: а) Жемістер (алма) жайлы қарапайым түсінік қалыптастыру. ә) Ойлау, зейін қою, сезіну қабілетін; қойылған сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту. б) Ересектердің еңбегін бағалап, құрметпен қарауға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Ұзын жолдар» Мақсаты: балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру, қағазға солдан оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету; Еңбек етуге, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Менің достарым» Мақсаты: Көңілді әнді тыңдау ережесін сақтауды қалыптастыру. Әннің мағынасын түсіну. Ән айтуға қызығушылықты дамыту. Ән тыңдау: «Кел, билейік» И.Нүсіпбаев Ән айту: «Бала, бала, баламыз» Б.Қыдырбекова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Сенің атың кім?» муз: А.Айтуова Жапсыру Тақырыбы: «Досымның доптары» Мақсаты: дайын үлгіні қағаз бетіне орналастырып қоя білуге үйрету. Сары түспен таныстыру. Дидактикалық ойын: «Үлкен –кіші доп»	Сәлемдесу және қоштасу әдептерін үйрету. Топтағы балалармен бірігіп ойнауға тәрбиелеу

III апта	Менің сүйікті ойыншықтарым	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Бір бағытпен жүре отырып, кедергіден (жіп) аттап өту. Қимылды ойын: «Ойыншыққа жету» 2. Дене шынықтыру Кілем бойымен допты қос қолмен ұстап жүріп өту. Жіптің астынан еңбектеп өту (биіктігі 30-40 см) Қимылды ойын: «Сызықты баспай, көжекке жет» 3. Дене шынықтыру Қарқынды өзгерте жүру және жүруден жүгіруге ауысу. Қимылды ойын: «Қонжыққа қарай жүгірейік»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншығым». Мақсаты: Ойыншықтар жайында әңгімелесу арқылы, балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту.	Сенсорика Тақырыбы: «Шуақты күн» Мақсаты: түрлі түсті дөңгелектерден композиция құрастыруды үйрету, шеңберден шықпауға, олардан қарапайым композиция жасауға, таныс пішіндерді бейнелеуге үйрету Жаратылыстану Тақырыбы: «Көзөністер – табиғат сыйы» Мақсаты: а) Балалардың санасында көзөністің қарапайым түрлері (қызанақ, қияр, сәбіз) туралы түсінік қалыптастыру. ә) Көру арқылы қабылдау және зейін қою, қалыптасқан жағдайға қатысты қарапайым нұсқаулықтарды түсіну және орындау қабілетін дамыту. б) Ересектердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу	Сурет салу Тақырыбы: «Әртүрлі түстегі қақпалар» (екі түспен қақпалар салу) Мақсаты: қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, қарындашты үш саусақпен дұрыс ұстап отырып, ұшын сәл жоғары, қатты қыспай, оң қолмен қағаз бетінде төменнен жоғары қарай, оңнан солға қарай, жоғарыдан төмен қарай қысқа және ұзын сызықтар жүргізе білуді үйрету, 1.Музыка Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: Әннің мағынасын түсінуді қалыптастыру. Әннің сөздері мен жеке буындарын айтып үйренуді қимылмен үйлестіру. Ән тыңдау: «Ойыншықтар» И.Нүсіпбаев Ән айту «Біз-көңілді қуыршақ» Г.Жотаева Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Қуыршақ сөйлейді» Қимылды ойын 2.Музыка Тақырыбы: «Менің сүйікті ойыншықтарым» Мақсаты: Таныс әуендерді тыңдап, тани білу дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Ойыншықтар» Ән айту: «Біз-көңілді қуыршақ» Г.Жотаева Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Қуыршақ сөйлейді»	Ойыншықтармен ойнауға қызығушылықтарын арттыру
IV апта	Жиһаздар	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1. Бағытты өзгерте отырып жүру. Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру. Қимылды ойын: «Қызыл, сары орындықтар» 2.Дене шынықтыру Жіптің бойымен жүру. Лентамен еденде 10 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. Қимылды ойын: «Жолыңмен жүр» 3. Дене шынықтыру Шеңбер бойымен бағытты өзгерте отырып жүру. Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу. Спорттық іс-шара: «Орындығыңа тез жет»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бөлме жасаймыз» (Фланелеграф тақтада) Мақсаты: балаларға жиһаздарды атап айтуға үйрету. (Үстел, орындық, керуерт). Дидактикалық ойын: «Қуыршаққа орындық»	Құрастыру Тақырыбы: «Мәшине» Мақсаты: құрылыс материалдары текшелер, призма, пластина, кірпіштерді ажырата алуға және оны кеңістікте дұрыс орналастыра білуге үйрету. көліктер туралы түсініктерін қалыптастыру, мәшинемен таныстыру, құрылыс үлгілерін қарап, оның бөліктерін атап көрсетуге, қандай бөлшектерден құралғанын атап айтуға үйрету; Жаратылыстану Тақырыбы: «Күзгі жаңбыр» Мақсаты: а) Балалардың санасында жылдың осы маусымына тән құбылыстар (жаңбыр) туралы түсінік қалыптастыру. ә) Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін дамыту. б) Зерттеудің қарапайым тәсілдеріне баулу.	Сурет салу Тақырыбы: «Жау-жау, жаңбыр» Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, қылқаламмен сурет салу техникасын үйрету, сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру, балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін іс-әрекетте бере білуге үйрету, Музыка Тақырыбы: «Бесік жыры» Мақсаты: Баяу және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету, әуендердің бейнелік сипатын түсіну. Ән тыңдау: «Әлди-әлди» қазақ халық әні. Ән айту: «Сылдырмақ» Е.Хасанғалиев Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Орындықта отырып билейміз» Мүсіндеу Тақырыбы: «Ермексаз түйіртпегі» Мақсаты: ермексаз және оның қасиеті туралы түсінік беру; ермексазды алақан арасына салып, саусақтарымен ұсақтау тәсілдерін меңгерту. Заттардың ұқсастығын таба білулерін қалыптастыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру, қолдарын дымқыл сүрткіштермен сүртуге баулу, сөйлеу тілін дамыту. Мүсіндеуге деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	Балаларды өздерінің төсек орнын, киім шкафын танып ажырата білуге үйрету

Кіші топ 2021 жыл қазан айы

Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

Мақсаты: балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыру, отбасы мүшелерін ажырата білуге, оларды жақсы көруге, көмек беруге үйрету. Туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту: ана-әке, аға-апа, ата-әже;

Міндеттері:

- отбасы туралы алған білімдерін кеңейту, сөздік қорларын, танымдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ойын түрлерін ұйымдастыру;
- денсаулық сақтау технологияларын қолдана отырып, балалардың дене дағдылары мен негізгі қимыл түрлерін жетілдіру;
- отбасы мүшелеріне сүйіспеншілік пен сыйластыққа тәрбиелеу;

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0
I апта	Ата-аналар еңбегі	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Шеңбер бойымен бірқалыпты жүру. Белгі бойынша шашырап жүгіру. Қимылды ойын: «Біз көңілді отбасымыз» 2. Дене шынықтыру Кілем бойымен жүру. Допты кеуде тұсынан қос қолдап лақтыру. Қимылды ойын: «Доптарды жинаймыз» 3. Дене шынықтыру Доғалар астынан еңбектеп өту. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіру. Қимылды ойын: «Маған еңбектеп жет» (тәрбиеші, апай, анасы)	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің отбасым» Мақсаты: Туыстық атауларды меңгерту арқылы пассивті және белсенді сөздік қорын кеңейту. а) Өз отбасы туралы әңгімелесу. ә) Туыстық атауларды қолдануға дағдыландыру (ата, әже, әке, ана, әпке, аға, іні т.б) б) Татулыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	Сенсорика Тақырыбы: «Терезелі үй» Мақсаты: заттардың пішіні мен көлеміне қарай топтастыруды үйрету, балаларды 2 әртүрлі пішін (дөңгелек, шаршы) мен 2 әртүрлі көлемдегі (үлкен,кішкентай) заттарды таңдауды жүзеге асыра отырып пішініне және көлеміне қарай топтастыруға үйрету; көз-қол сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Құстар» Мақсаты: а) Құстарға (торғай, көгершін, қарға) тән ерекшеліктермен таныстыру; дене мүшелерін бір-бірінен ажырату және атауларын атай білу, олардың мінез-құлықтарын сипаттау қабілетін дамыту. Балалардың білуге деген құштарлығын, есте сақтау қабілетін, зейінін, сөйлеу қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлық жасауға, оларды аялай білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Шағылысқан күн сәулесі» Мақсаты: дәстүрден тыс тәсілмен сурет салуға үйрету, балаларға сурет салудың дәстүрден тәсілін үйрету, балаларға алақан мен саусақтар көмегімен күн бейнесін салу әдісін үйрету, саусақ бұлшық еттерін және қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Ата-ананы тыңдаймыз» Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Үлкендердің қамқорлығын сезіну, іс-қимылына еліктеу.Өн тыңдау: «Нешеүміз» А.Тоқсанбаев Өн айту: «Балақандар әні» А.Еспенбетова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Анамызға көмек» муз: А.Айтуова 2.Музыка Тақырыбы: «Ата-ананы тыңдаймыз» Мақсаты: Отбасы жылулығын музыка арқылы сезіндіру. Өн салу дағдыларын жетілдіру. Өн тыңдау: «Нешеүміз» А.Тоқсанбаев Өн айту: «Балақандар әні» А.Еспенбетова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Анамызға көмек»	Өз отбасы мүшелерінің аттарын айта білуге үйрету
II апта	Менің көшем	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Кедергілер арасымен жүру. Отырып допты бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Көшедегі ағаштар» 2. Дене шынықтыру Лентамен еденде 10 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. Доғалар астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Допша секір» 3. Дене шынықтыру Жүруден жүгіруге ауысу Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу. Қимылды ойын: «Жолдағы таяқшалардан аттап өт»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Жақсы деген немене, жаман деген немене» мультфильмін көру. Мақсаты: балаларға әрбір істің жақсы, жаман жағы болатынын түсіндіру Дидактикалық ойын: «Болады, болмайды!»	Құрастыру Тақырыбы: «Мұнара» Мақсаты: педагогтің көрсетуі бойынша құрылыс материалдарынан мұнара құрастыра білуге үйрету, көлемі, түсі, пішіні бойынша ретімен орналастыруға дағдыландыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Күзгі жапырақтар қандай болады?</i>» Мақсаты: Табиғаттағы түрлі құбылыстарға (жапырақтардың түсуі) балалардың қызығушылығын арттыру; үлескіде өсіп жатқан ағаштар туралы түсініктерді дамыту. Ойлау, зейін қою, сезіну қабілетін; қойылған сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту. Өсімдіктер әлеміне деген қызығушылығын ояту.	Сурет салу Тақырыбы: «Жапырақтар түсуде» Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Қылқаламмен таныстыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету, қылқалам мен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қолдың қимыл-қозғалысын дамыту, сұраққа жауап беруге үйретіп, ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы:«Біздің аула» Мақсаты: Музыка тыңдауға қызығушылығын арттыру. Би қимылдарында жұптаса билеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру Өн тыңдау: «Шулы дыбыс» муз.А.Айтуова Өн айту: «Біз-көңілді баламыз» Б.Жұмабекова Әуенді ырғақты –қимыл ойын: «Күн мен жаңбыр» Жапсыру Тақырыбы: «Ашық шамдар» Мақсаты: Қызыл, сары, көк түсті дөңгелек пішіндерді түзу сызық бойына желімсіз орналастыруға үйрету. Дидактикалық ойын: «Шамдарды орналастыр»	Ненің «жақсы» ненің «жаман» екенін ұғындыру

III апта	Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік	1. Дене шынықтыру Бір бағытпен жүре отырып, кедергіден (жіп) аттап өту. Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу Қимылды ойын: «Абайла, балақай!» 2. Дене шынықтыру Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру. Допты қағып алуға дағдыландыру. Қимылды ойын: «Қоңырауды сылдырлат» 3. Дене шынықтыру Отырып допты бір-біріне домалату. Белгі бойынша шашырап жүгіру. Қимылды ойын: «Жаңбырдан тығылайық»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ғажайып қалта» Мақсаты: Көгеністер туралы әңгімелесу арқылы, балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту. Дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру	Сенсорика Тақырыбы: «Әтешті құрастырамыз» Мақсаты: заттарды көлемі бойынша ажырата білуге үйрету. Көлемі бойынша сақиналарды таңдай отырып, пирамиданы жинауға үйрету; үлкен және кішкентай сақинаны тапқызу; ұжымдаса әрекет ете отырып, пирамиданы жинауды орындату. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Балаларды үй құстарына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Аула сыпырушының жұмысын бақылау</i>» Мақсаты: а) Аула сыпырушының еңбегі туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. ә) Қоршаған ортаны тануға деген құштарлығын дамыту. б) Ересектердің еңбегін құрметтеуге үйрету	Сурет салу Тақырыбы: «Қызыл, сары жапырақтар» Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрете отырып, балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу. Саусақтың ұсақ моторикасын дамытып, алақанмен жапырақтың бейнесін салуды үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Сұраққа жауап беруге үйретіп, табиғатқа қызығушылықтарын арттыру. 1.Музыка Тақырыбы:«Біз тәртіпті баламыз» Мақсаты: Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік дағдыларын түсіну. Әнді дауысқа күш түсірмей, айқайламай, табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Ән тыңдау: «Машина» К.Қуатбаев Ән айту: «Бәріміз бірге» А.Айтуова Әуенді ырғақты қимыл-ойын:«Поезд» (К. Қуатбаев) 2.Музыка Тақырыбы:«Біз тәртіпті баламыз» Мақсаты: Музыканың тез және жай ырғағын қимылмен көрсету.Әнді дауысқа күш түсірмей, айқайламай, табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Ән тыңдау: «Машина» К.Қуатбаев Ән айту: «Бәріміз бірге» А.Айтуова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Поезд» (К. Қуатбаев)	Ойын барысында бір-бірін түсінуге үйрету.
IV апта	Алтын күз	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру . Қимылды ойын: «Жапырақтар жинайық» 2. Дене шынықтыру Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Қимылды ойын: «Күзгі соқпақ жол» 3. Дене шынықтыру Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу. Допты нысанаға дәлдеп лақтыру. Спорттық іс-шара: «Себетті толтыр»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алтын дән» өлең. <i>К.Ахметова</i> Мақсаты: Тақпақтың мазмұнын түсінуге және олардағы әрекеттердің дамуын қадағалау. Үстел –үсті ойыны: «Алма, алмұртты көп жина»	Құрастыру Тақырыбы: «Орындықтар» Мақсаты: үлгі бойынша құрастыру дағдыларын қалыптастыру, орындықты құрастыра алуға үйрету. -текше, кірпіш, тақтайша, құрылысты бөлшектеу және бөліктерді жинақтау дағдыларын қалыптастыру; -құрылыс материалдарын түсі, көлемі, пішініне сәйкес топтастыру; -сөздік қорын молайту, өзара жағымды қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Күзгі жел</i> » Мақсаты: Балалардың санасында жел мен оның шығу себептері (ауа қозғалысы) туралы Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін дамыту. Балалардың білуге, тануға деген құштарлығын күшейту.	Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі түсті жіптер» Мақсаты:фломастермен сурет салу дағдыларын қалыптастыру; фломастерді дұрыс пайдалана отырып ирек сызықтар сызуға үйрету; саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Саусақ ұсақ моторикасын дамытып, сұраққа жауап беруге үйрету. Музыка Тақырыбы:«Алтын күз» Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін байқау. Ән сөздері мен жеке буындарын толық айтуға талпындыру. Ән тыңдау: «Күз келгенде» Ж.Қалжанова Ән айту: «Күз» Ғ.Абдрахманова Әуенді ырғақты қимыл- ойын: «Қолшатыр» Мүсіндеу Тақырыбы: «Доптар» Мақсаты: ермексаз, мүсін, мүсіндеу әдістері туралы түсінік беру, ермексазды алақан арасына салып домалақтау тәсілдерін меңгерту. Сөздік қорларын қалыптастыру. Сөйлеу тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.	Табиғатта болып жатқан өзгерістерді бақылауға үйрету.

Кіші топ 2021 жыл қараша айы

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Мақсаты: Балаларға денсаулық сақтау, шынығу және дәрумендердің адам ағзасына пайдалы екенін түсіндіру. Таза жүру, жеке бас гигиенасын сақтау ережесін үйрету.

Міндеттері:

- шынықтыру-сауықтыру шаралары арқылы балаларды мықтылыққа, шымырлыққа тәрбиелеу, дербес қимыл белсенділігін дамыту;
- дұрыс тамақтану жолдарын насихаттау арқылы алғашқы түсініктерін қалыптастыру;
- әңгімелеу, қызықты ойындар ұйымдастыру арқылы балалардың ертегі және шағын әңгімелердің мазмұнын түсінуіне ықпал жасау;

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0
I апта	Өзім туралы	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Бағытты өзгерте отыра жүру. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен секіру. Қимылды ойын: «Мен шыныққан баламын» 2. Дене шынықтыру Белгі бойынша тоқтап жүгіру. Дөңгелек жолға лақтыру (қағып алмай) Қимылды ойын: «Дәл түсір» 3. Дене шынықтыру Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Арқанның астымен еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Бірге қонаққа барайықшы»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Ұшады – ұшпайды» Мақсаты: Түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту. Балаларды халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу. Заттардың қасиеттеріне қарай талдауға, олардың аттарын атай білуге үйрету.	Сенсорика Тақырыбы: «Үлкен және кішкентай» Мақсаты:балалардың назарын әртүрлі көлемдегі заттарға аударуға үйрету, үлкен және кішкентай сөздерінің мағынасын түсінулерін қалыптастыру; балаларды үлкен және кішкентай заттарды көрсете білуге, сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру.Үй жануарларына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Жабайы жануарлар</i>» Мақсаты: Балаларды жабайы жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру; олардың дене мүшелерін (тұмсығы, құйрығы, аяқтары) бір-бірінен ажыратуға және атауларын атап беруге үйрету. Білуге деген құштарлығын оятып, есте сақтау, зейін қою және сөйлеу қабілетін дамыту. Жануарларға қамқорлық жасауға үйрету	Сурет салу Тақырыбы: «Әжемнің жіп шумақтары» Мақсаты: фломастермен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, балаларды түрлі түсті фломастерлермен жіп орамының суретін салуға, фломастерді қатты қыспай, қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап, қолды үзбей дөңгелетіп салуды үйрету, балалардың қол қимылдарының қозғалысын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы:«Мен кімге ұқсаймын?» Мақсаты: Өннің мағынасын түсіну. Өнді табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Ән тыңдау: «Кімге мен ұқсаймын». («Зерек ботақан» жинағынан) Ән айту: «Қарашы маған» А.Айтуова Әуенді - ырғақты қимыл- ойын : «Топ-топ басайық» (Үш тілдегі әндер» жинағынан) 2.Музыка Тақырыбы: «Мен кімге ұқсаймын?» Мақсаты: Өнді табиғи дауыспен айтуды қалыптастыру. Музыканың ашық берілген сипатына сай қимылдар жасау Ән тыңдау: «Кімге мен ұқсаймын». «Зерек ботақан» жинағынанӘн айту: «Қарашы маған» А.Айтуова Әуенді - ырғақты қимыл- ойын : «Топ-топ басайық»	Жақындарына тілектестік сезімдерін таныта алады.
II апта	Дұрыс тамақтану Дәрумендер	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Шағын топқа бөлініп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдік сақтап жүру. Қимылды ойын: «Дәрумендер жолындағы кедергілер» 2. Дене шынықтыру Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру. Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру. Қимылды ойын: «Дәрумендерді тап» 3. Дене шынықтыру Дөңгелек жолға домалату, қуып жету. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Допты қуып жет»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «<i>Жемістер жыры</i>» (өлең) <i>Рза Қунақова</i> Мақсаты: Өлеңді тыңдай білуге, қайталап айтуға үйрету. Жемістерді (алма, өрік, қара өрік, шие) атау барысында балалардың сөздік қорын жетілдіру. Ойын жаттығу: «Жемістерді ата»	Құрастыру Тақырыбы: «Үй және қақпа» Мақсаты: жаңа бөлшектермен таныстыру, үйді және қақпаны құрастыру және оның бөліктерін дұрыс орналастыруды үйрету. құрылыс үлгілеріне қарап, сөздерді дұрыс айту арқылы сөйлеу тілін дамыту, құрылыс материалдарымен ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Үй жануарлары</i>» Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен олардың төлдеріне тән қасиеттермен таныстыру. Ойлау, зейін қою, сезіну қабілетін; қойылған сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту. Жануарлар әлеміне деген қызығушылығын ояту, оларды аялай білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Балықтар жүзеді» Мақсаты: қылқаламмен және бояулармен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, езілген бояумен қағаз бетін толық бояуға үйрету, қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, балалардың бояумен жұмыс істеуге деген қызығушылығын және өз жұмысына деген қуаныш сезімін ояту. Сұраққа жауап беруге, ұқыптылыққа үйрету. Музыка Тақырыбы: «Дәрумендер» Мақсаты: Табиғи дәрумендер туралы түсініктерін, көңілді әуенмен көтеріңкі көңіл-күй қалыптастыру.Ән тыңдау: «Алтын күзде молшылық» А.Айтуова Ән айту: «Апорт деген тәтті алма» Әуенді –ырғақты қимыл- ойын: «Жемістер мен көкөністер» Жапсыру Тақырыбы: «<i>Ыдыстағы көкөніс</i>» Мақсаты: Дөңгелектің ішіне кішкентай көлемді сопақша пішіндерді орналастыра білуге үйрету. Қимылды ойыны: «Қияр мен қызанақ жинау»	Ас ішкеннен кейін ризашылық сөздерін қолдануға үйрету.

III апта	Өзіңе және өзгелерге көмектес	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Кегельдер арасымен допты көтеріп жүру. Бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіру. Қимылды ойын: «Біз біргеміз» 2 Дене шынықтыру Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүру. Доға астынан допты домалатып өту. Қимылды ойын: «Поезд» 3 Дене шынықтыру 30-40 секунд бойынша үзіліссіз жүгіру. Кедергі астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Маған көмектес»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің дене мүшелерім Мақсаты: Өз дене мүшелері жайында ойын жеткізе алу қабілетін дамыту. Байланыстырып сөйлеу техникасын кеңейту. Өз дене мүшелері туралы әңгімелесу. Дене бөліктерін атай білуге дағдыландыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Сенсорика Тақырыбы: «Үйшік» Мақсаты: заттардың өлшемі бойынша салыстыру тәсілдерін (қатарластырып қою және беттестіру) үйрету. заттардың өлшемін сөзбен (ауызша) білдіру; пішіні бойынша геометриялық пішіндерді топтастыру икемділігін бекіту; қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Қоян неліктен тонын ауыстырады?» Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен олардың төлдеріне тән қасиеттермен таныстыру. Ойлау, зейін қою, сезіну қабілетін; қойылған сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту. Жануарлар әлеміне деген қызығушылығын ояту, оларды аялай білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Жол бойымен домалаған Бауырсақ» Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, оңнан солға қарай түзу сызықтар сызуды жалғастыру, қарындашпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту, саусақтың ұсақ моторикасын дамыту, ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Қолғанат бола аламыз» Мақсаты: Өз-өзіне қызмет етуге, ұжымдық әрекетке баулу. Балалардың билей жүріп әндету, ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Мен кішкентай баламын» Д.Омаров Ән айту: «Қайсы екен?» Б.Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Саусақ жаттығуы» З.Аитова 2.Музыка Тақырыбы: «Қолғанат бола аламыз» Мақсаты: Балалардың билей жүріп әндету, ырғақты дұрыс жеткізу дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Мен кішкентай баламын» Д.Омаров Ән айту: «Қайсы екен?» Б.Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Саусақ жаттығуы» З.Аитова	Өз киімдерін шешуге дағдыландыру .
IV апта	Біз күштіміз, ептіміз	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Берілген бағытта жалаушаға дейін жүгіру. Допты қос қолдап лақтыру. Қимылды ойын: «Жалаушаға дейін жет» 2. Дене шынықтыру Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу. Қимылды ойын: «Сызықты басып кетпе» 3. Дене шынықтыру Шеңберден шеңберге аттау. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Спорттық іс-шара: «Біз күштіміз, ептіміз»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Шалқан» (орыс халық ертегісі) Саусақ театры арқылы сахналау. Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын қызығушылықтарын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерді ата»	Құрастыру Тақырыбы: «Әткеншек» Мақсаты: үлгі бойынша және сөзбен түсіндіру арқылы құрастыру дағдыларын қалыптастыру; құрылыс материалдарын дұрыс пайдалану арқылы әткеншекті құрастыруға үйрету. балаларға кеңістік белгілерді ескере отырып, бөлшектерді дұрыс орналастыруды үйрету; әткеншектің қандай бөліктерден орындалғанын ажыратып айта білуге үйрету; сөздік қорын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, ойыншықтарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу Жаратылыстану Тақырыбы: «Аппақ қар» Мақсаты: Балалардың санасында жылдың осы маусымына тән құбылыстар (қар) туралы түсінік қалыптастыру. Көру арқылы қабылдау және зейін қою, қалыптасқан жағдайға қатысты қарапайым нұсқаулықтарды түсіну және орындау қабілетін дамыту. Қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: «Әуе шарлары» Мақсаты: әртүрлі сызықтардың көмегімен сурет құрастыру дағдыларын қалыптастыру. қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салу дағдысын бекіту, саусақ икемділіктерін, бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру, балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Біз күштіміз, ептіміз» Мақсаты: Музыка сүйемелдеуімен ырғаққа сәйкес нақты қимылдар жасау. Ән тыңдау: «Біз-кішкентай бишіміз» Б.Жұмабекова Ән айту: «Қайсы екен?» Б.Дәлденбаев «Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кім жылдам?» қимылды ойын Мүсіндеу Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған кәмпиттер» Мақсаты: ермексазды шымшып алуға және домалақ, жұмыр мүсін жасауға жаттықтыру. домалақтау, илеу жолдарымен мүсіндеу тәсілдерін үйрету. Қызығушылықтарын арттыру, қабілеттерін, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Қайырымдылыққа тәрбиелеу.	Балалардың дербес ойындарында қимыл белсенділігін арттыру.

Кіші топ 2021 жыл желтоқсан айы

Өтпелі тақырып: «МЕНІҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ»

Мақсаты: Балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, олардың патриоттық сезімдерін оятуға ықпал жасау. Туған өлкелерінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- Астана қаласымен, мемлекеттік рәміздермен және еліміздің Тұңғыш Президентімен таныстыру;
- туған жерге деген мақтаныштарын, қызығушылықтарын ояту;
- балаларды тыңдаған әңгімелер мен тақпақтардың мазмұнын тыңдай білуге және түсінуге үйрету.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0
I апта	Жайнай бер, Қазақстаным!	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Ұзындығы 2,5-2м, ені 20 см тақтай бойымен жүру. Алға қарай ұмтыла екі аяқтап секіртпемен секіру. Қимылды ойын: «Көкпар» 2. Дене шынықтыру Бір қатармен тізені жоғары көтеріп жүру. Екі қолмен 1-1,25 м арақашықтықтағы себетке допты дәлдеп лақтыру. Қимылды ойын: «Қуыспақ» 3. Дене шынықтыру Шығыршықтың (обруч) ішіне қос аяқпен секіру. Кедергілер арасынан жүгіру. Қимылды ойын: «Мен чемпионмын »	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қоян, қонжық» Мақсаты: Орман аңдары жайында әңгімелесу арқылы, балалардың белсенді сөздік қорын толықтыру. Балалардың ауызша сөйлеулерін дамыту. Орман аңдары қоян мен аюдың балаларымен таныстыру. 2–3 сөзден тұратын сөз тіркестерін құратып, ауызекі сөйлеулерін дамыту. Сүйіспеншілік пен қамқорлыққа тәрбиелеу.	Сенсорика Тақырыбы: «Көгөністер» Мақсаты: дөңгелекті сопақшадан ажырата білуді үйрету. Міндеттері:сәйкес пазылдарға пішінді орналастыра отырып, дөңгелекті («қызанақ») сопақшадан («қияр») ажырата іріктеуге үйрету; жазықтықта үлкен көлемді геометриялық пішіндерді салыстыра білуге: «қияр» – сопақша, «қызанақ» – дөңгелек; бойынша салыстыруды, көзбен мөлшерлеуді дамыту; қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Қыс келді</i>» Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшелігін түсіндіру. Балалардың білуге деген құштарлығын, есте сақтау қабілетін, зейінін, сөйлеу қабілетін дамыту. Табиғатты аялай білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Жапалақтап қар жауды» Мақсаты: сурет салудың дәстүрден тыс тәсілімен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, саусақ арқылы қардың бейнесін салуды үйрету, саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Туған жерді сүйемін» Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен шеңберде айнала жүру, жұптаса қимылдар орындау. Ән тыңдау: «Туған жер» К.Дүйсекеев Ән айту: «Аяз ата, ақ ата» Ө.Байділдаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Ұлпақарлар биі» 2.Музыка Тақырыбы: «Туған жерді сүйемін» Мақсаты: Музыканың сүйемелдеуімен шеңберде айнала жүру, жұптаса қимылдар орындау. Эмоциясын көрсете білуін қалыптастыру. Ән тыңдау: «Туған жер» К.Дүйсекеев Ән айту: «Аяз ата, ақ ата» Ө.Байділдаев Әуенді-ырғақты қимыл- ойын: «Ұлпақарлар биі»	Таза ауаға бір-бірімен қол ұстасып шығуға үйрету.
II апта	Туған өлкем	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Еденде ирелендеп жатқан жіптің үстімен жүру. Сызықтардың, жіптердің арасымен жүгіру. Қимылды ойын: «Кішкентай мергендер» 2. Дене шынықтыру Бағдар бойынша кілемнің бойымен жүріп келіп, бір орында баяу айналу. Қимылды ойын: «Қуыршақпен бірге айналайық» 3. Дене шынықтыру Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру. Қимылды ойын: «Кім күшті?»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «<i>Жасыл шырша</i>» (өлең) <i>Есентай Ерботин</i> Мақсаты: Шырша туралы өлеңді оқу, өлең мазмұнымен түсінуге үйрету. Сөздік қорын дамыту. Дидактикалық ойын: «Шыршаны безендіреміз»	Құрастыру Тақырыбы: «Тар және кең кереуеттер» Мақсаты:тар және кең кереуеттер құрастыруды үйрету, құрылыс материалдарының бөлшектерін атай білу, олардың түсін, пішінін және көлемін ажырата алу, құрылыс материалдарының әртүрлі бөлшектерін кеңістікте дұрыс орналастыра білу қабілеттерін дамыту; сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілеттерін дамыту, ойыншықтарға көмек көрсете алуға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Балықтар</i>» Мақсаты Жануарларға (балықтар) тән ерекшеліктермен таныстыру. Тірі нысандарды бақылау қабілетін дамыту. Қайырымды болуға үйрету, балықтарға күтім жасауға деген құштарлығын ояту.	Сурет салу Тақырыбы: «<i>Ақ ұлпа қарлар</i>» Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуға үйрету, бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, сурет салу іскерліктерін дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «<i>Менің қалам</i>» Мақсаты: Туған қалаға сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. Қаланың қысқы көрінісін сипаттау. Ересектермен бірге ән салуға дағдыларын жетілдіру. Ән тыңдау: «Менің қалам-Қызылорда» А.Еспенбетова Ән айту: «Аяз ата» Т.Әбдіқадіров Әуенді-ырғақты қимыл-ойын «Қар жинаймыз» Жапсыру Тақырыбы: «<i>Менің үйім</i>» Мақсаты: Балаларға пішіндерден (үшбұрыш, төртбұрыш) геометриялық пішіндер арқылы үй құрастыруға үйрету. Дидактикалық ойын: «Қонжыққа үй жасайық»	Бірігіп ойнау дағдыларын қалыптастыру.

III апта	Астана-Отанымыздың жүрегі	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Допты себетке лақтыру. Қимылды ойын: «Дәл түсір» 2. Дене шынықтыру Төрттағандап тақтайдың үстімен жүріп, бірнеше кедергіден (лента, текше) өту. Қимылды ойын: «Сызықтың бойымен жүр» 3. Дене шынықтыру Шеңберден шеңберге аттау. Допты қағып алу. Қимылды ойын: «Допты қуып жет»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Шырша. Мақсаты: Шырша туралы әңгімелесу арқылы, балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту. Дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру. Заттарды жекеше, көпше түрде айтуға үйрету. «Ш» дыбысын анық айтуға артикуляциялық жаттығу жасату, Эстетикалық талғамдарын ояту.	Сенсорика Тақырыбы: «Шырша бізге қонаққа келді» Мақсаты: заттарды түсі бойынша таңдай алуға үйрету. Міндеттері: балаларда әртүрлі түстегі ойыншықтарды шыршаға дұрыс орналастыру дағдыларын дамыту; балалардың көңілді шеңбермен жүру дағдысын жетілдіруді жалғастыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; оқу қызметінде шығармашылық, психологиялық жағымды атмосфераны тудыру Жаратылыстану Тақырыбы: «Бөлме гүлдері» Мақсаты: а) Кейбір бөлме гүлдері, олардың өсуіне қажетті шарттар мен күту талаптары туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. ә) Танымдық белсенділігін, білуге деген құштарлығын дамыту. б) Өсімдіктер әлемін аялауға, қамқорлық жасауға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Шыршаның шамдарын жағамыз» Мақсаты: қолжетімді материалдармен сурет салуға үйрету, қолжетімді материал-поролонды пайдаланып сурет салуға үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, әсемдікті сезіне білуге, сурет салуға деген қызығушылық сезіміне тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы:«Астана-бас қала» Мақсаты: Астана қаласы туралы әңгімелеу. Шеңбермен айнала жүру дағдыларын көрсету. Ән тыңдау: «Менің Отаным» Б.Ғизатов Ән айту: «Аяз ата» Т.Әбдіқадіров Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Қар жинаймыз» ойыны 2.Музыка Тақырыбы: «Астана-бас қала» Мақсаты: Астана қаласы туралы әңгімелеу. Шеңбермен айнала жүру дағдыларын көрсету. Ән тыңдау: «Менің Отаным» Б.Ғизатов Ән айту: «Шырша жыры» Б. Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Қонжықтар» биі	Өздеріне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру.
IV апта	Тәуелсіз Қазақстан	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Шеңбер бойымен жүру. 30-40 секунд бойынша үзіліссіз жүгіру. Жәй қимылды ойын: «Ұшты, ұшты» 2. Дене шынықтыру Құм салынған қапшықты нысанаға лақтыру. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Жалаушаға тез жет» 3. Дене шынықтыру Заттардың арасымен шеңбер бойынша жүгіру. Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу Спорттық отбасылық сайыс: «Алға, бүлдіршін»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің Қазақстаным» Мақсаты: Балаларды ҚР Тұңғыш Президенті, мемлекеттік рәміздерімен таныстыру. Үстел-үсті ойыны: «Суретті құрастыр»	Құрастыру Тақырыбы: «Диван» Мақсаты: ойыншықтарға жиһаз құрастыруды үйретуді жалғастыру, бір мезетте екі түрлі бөлшектермен – тақтайшамен және кірпіштермен жұмыс жасай білуге дағыландыру, құрылыс материалдарын көлемі, пішіні, түсіне қарай отырып топтастыра алу,тілін дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Әсем шырша» Мақсаты: Шырша туралы түсінік қалыптастыру. Балалардың білуге деген құштарлығын, есте сақтау қабілетін, зейінін, сөйлеу қабілетін дамыту. Табиғатты аялай білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Қардағы іздер» Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларны қалыптастыру. қағазға қылқаламмен дақ түсіре білуді үйрету, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, жануарлардың қимыл-қозғалысын және іздерін қарға түсіріп жаттығу, табиғаттың әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Қазақстан-елімнің аты» Мақсаты: Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Қарапайым би қимылдарында жартылай отыру, аяқтан аяққа тербелу Ән тыңдау: «Отаным» К.Қуатбаев Ән айту: «Шырша жыры» Б. Дәлденбаев Әуенді-ырғақты қимыл-ойын «Қонжықтар» биі Мүсіндеу Тақырыбы: «Құймақ» Мақсаты: ермексаздың кесегін алақан арасына салып илеуге үйрету. Ермексаздан әртүрлі пішіндер жасату арқылы баланың саусақ қимылын жетілдіру, қызығушылығын, шығармашылық қабілетін, есте сақтауларын, сөйлеу тілін дамыту. Қайырымдылыққа тәрбиелеу.	Еліміздің рәміздерімен таныстыру, оларды атауға үйрету.

Кіші топ 2022 жыл қаңтар айы

Өтпелі тақырып: «ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ»

Мақсаты: Балалардың тірі, өлі табиғат және жыл мезгілдері құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- дидактикалық ойындар ұйымдастыру арқылы балаларды өсімдіктерді атап, көкөністер мен жемістерді ажыратып айта білуге үйрету;
- қоршаған табиғаттың сұлулығын қабылдауға баулу;
- эстетикалық қабылдауларын, түрлі сенсорлық әсерлерін дамыту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0
I апта	Айналамыздағы өсімдіктер	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Бір қалыпты жүру. Бір орында тұрып бірқалыпты секіру. Қимылды ойын: «Ормандағы аю» 2. Дене шынықтыру Бір қалыпты жүгіру. Қар түйіршіктерін себетке лақтыру. Қимылды ойын: «Себетке жина» 3. Дене шынықтыру Еңіс тақтайдың үстімен еңбектеу. Жиектері шектелген тура жолақпен жүру. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Үй жануарлары қалай дыбыстайды? Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу. Дыбыстардың дұрыс айтылуын, байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру. «М, р» дыбыстарына артикуляциялық жаттығу жасату. Жануарларға қамқорлық жасау керектігін түсіндіру.	Сенсорика Тақырыбы: «Қуыршақ Әйгерімге арналған моншақтар» Мақсаты:геометриялық пішіндерді көлемі және түсі бойынша кезектестіріп қоя алуға үйрету; қызыл, көк түстер туралы түсінікті бекіту; «түсі бойынша әртүрлі», «көлшемі бойынша әртүрлі» деген ұғымдар мен «үлкен – кішкентай» деген түсініктерді дұрыс қолдану; ұсақ бөлшектерді бауға тағуды орындай отырып, қолдың ұсақ моторикасын дамытуды жалғастыру. Жаратылыстану Тақырыбы: «Тотықұс» Мақсаты: Тотықұсқа тән ерекше белгілермен таныстыру. Тірі нысанның тіршілігін, мінез-құлқын бақылау қабілетін дамыту. Балаларды тотықұсқа қамқорлық жасауға және олар үшін жауапкершілік сезінуге баулу.	Сурет салу Тақырыбы: «Сүнгі мұздар» Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру; тік сызықтармен сүнгі мұздар салуға үйрету, үзік сызық сала отырып, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету, баланың қиялын дамыту, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Жасыл шырша» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілетін қалыптастыру. Қатты және жай динамикада ән салып үйрену. Ән тыңдау: «Арша» Б.Дәлденбаев 2.Музыка Тақырыбы: «Жасыл шырша» Мақсаты: Ойын арқылы балалардың есту, сезіну, ән айту қабілетін қалыптастыру. Қатты және жай динамикада ән салып үйрену. Ән тыңдау: «Арша» Б.Дәлденбаев Ән айту: «Шыршамызға арнаймыз» Е.Тиличеева Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Шыршамызды безендірейік»	Қоршаған ортаны тани білуге, оларға күтім жасауға үйрету.
II апта	Жануарлар әлемі	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Берілген бағыт бойынша аяқтың ұшымен жүру. Алаңда шашырап жүгіру. Қимылды ойын: «Түлкіні ұстап алайық» 2. Дене шынықтыру Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіру. Кедергілі жазықтың бетімен нысанаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Ақ қоян» 3. Дене шынықтыру Қар түйіршіктерін себетке лақтыру. Еңіс тақтайдың үстімен жүру. Қимылды ойын: «Қарды нысанаға лақтыру»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Түлкі мен қоян» (ертегі) Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсінуге және кейіпкерлерді атай білуге үйрету. Дидактикалық ойын: «Үйін тап»	Құрастыру Тақырыбы: «Үстел және орындық» Мақсаты: балаларды педагогтің ұсынған шарты бойынша құрылыс материалдарын кеңістікте дұрыс орналастыра отырып үстел мен орындықты құрастыра білуге үйрету. кірпіштерді көлденең және тігінен орналастыра алу қабілеттерін дамыту; -сөйлеу тілін дамыту,назар аударуға, есте сақтауға, заттарды жинастыру арқылы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Құстарға арналған жемсауыттар» Мақсаты: Балалардың бойында құстардың қорегі туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. Оларды құстарға қыста қамқорлық жасауға үйрету. Ойлау, зейін қою, сезіну қабілетін; қойылған сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту. Тірі нысандарға қайырымды болуға тәрбиелеу.	Сурет салу Тақырыбы: «Мұржадан түтін будақтайды» Мақсаты: қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру; қарындашпен сурет салу дағдыларын бекіту, қыс мезгілі ерекшелігін түсіндіру; қарындашпен үзбей ирек сызықтар салу дағдыларын қалыптастыру, саусақтарының қимыл-қозғалыстарын және икемділігін дамыту. Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру. Музыка Тақырыбы: «Жануарлар әлемінде» Мақсаты: Әндегі жеке сөздерді дауысты жылдамдатпай айтуды қалыптастыру. Ән-би мазмұнын қимылмен жеткізу.Ән тыңдау: «Төлдер» Б.Ғизатов Ән айту: «Төлдерді шақыру» Д.Ботбаев Жапсыру Тақырыбы: «Жайлаудағы қошақандар» Мақсаты: Үй жануарларымен таныстыру, қойлардың суретін «Жайлауға» орналастыруды үйрету. Дидактикалық ойын: «Түстерін ата»	Балаларды жануарларға деген сүйіспеншілікке баулу.

III анта	Құстар-біздің досымыз	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Шеңбер бойымен қолдарымен әртүрлі қалыптар жасай жүру. Доптарды бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Торғайлар мен машина» 2. Дене шынықтыру Шағын топқа бөлініп, бағытты өзгертіп жүру. 20 см арақашықтықта орналасқан таспалардан аттап өту. Қимылды ойын: «Жалаушаға дейін жет» 3. Дене шынықтыру Орнынан ұзындыққа секіру.(20-25 см) Бір және екі қолымен допты еденге ұру. Қимылды ойын: «Көпірден өт»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Мысық» Мақсаты: Үй жануарлары жайында әңгімелесу арқылы балалардың түрлі әрекеттердегі және алуан түрдегі ауызша және байланыстыра сөйлеулерін дамыту. 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрату арқылы ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Жануарларға деген қамқорлық сезімдерін ояту.	Сенсорика Тақырыбы: «Көжекті жасыр» Мақсаты: түстері бойынша нысандарды топтастыру дағдысын үйрету; төрт мүмкіндіктің ішінен екі берілген нысанды таңдауға үйрету, қызыл, сары, көк, жасыл түстермен танысуды жалғастыру, зейінділікті, қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл үйлесімділігін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Аязды қыс</i>» Мақсаты: а) Балалардың санасында жылдың осы маусымына тән құбылыстар (аяз) туралы түсінік қалыптастыру. ә) Көру арқылы қабылдау және зейін қою, қалыптасқан жағдайға қатысты қарапайым нұсқаулықтарды түсіну және орындау қабілетін дамыту. б) Өзара байланыс пен қарым-қатынастың қарапайым тәсілдеріне баулу.	Сурет салу Тақырыбы: «Мұз айдынындағы іздер» Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру; ирек сызықтар сызу дағдыларын қалыптастыру, қылқаламды дұрыс ұстай отырып, берілген фонның үстінен коньки ізін ирек сызықтар сызу арқылы көрсетуге үйрету, табиғаттың әсемдігін түсіне білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы:«Құстар-біздің досымыз» Мақсаты: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Шығарманың екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру Ән тыңдау: «Торғай» Қ.Қайым Ән айту: «Кішкене торғай» А.Айтуова Әуенді-ырғақты қимылды ойын:«Шөжелерім» Азербайжан халық әні Музыка Тақырыбы: «Құстар-біздің досымыз» Мақсаты: Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Шығарманың екі бөлімді формасының қимылдарын ауыстыру Ән тыңдау: «Торғай» Қ.Қайым Ән айту: «Ай-ай қысым-ай» А.Еспенбетова Әуенді-ырғақты қимылды ойын:«Шөжелерім» Азербайжан халық әні	Құстарға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.
IV анта	Ғажайып қыс	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру (ені 25 см, бір басы 15 см көтерілгенде). Допты екі қолмен төменнен лақтыру. Қимылды ойын: «Қарды домалат» 2. Дене шынықтыру Белгі бойынша шашырап жүгіру. Арқанның астымен еңбектеу. Қимылды ойын: «Аққалаға дейін еңбекте» 3. Дене шынықтыру Түзу бағытта заттарды аттап өту. Допты жоғары лақтыру. Спорттық іс-шара: «Шынықсаң шымыр боласың!»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қыс» (өлең) Мақсаты: Өлең жолдарына қызығушылықты, көтеріңкі көңіл күйді қалыптастыруға баулу. Іс-қимыл әрекеттердің атауы: <i>қалтырайды, ағарады, қар, қыс, үлбіреген, аққала</i> сөздерін қолдану арқылы сөздік қорларын молайту. Дидактикалық ойын: «Сикирлы қалта»	Құрастыру Тақырыбы: «Автобус» Мақсаты: құрастыру барысында үлкендердің көмегімен тапсырмаларды орындау, автобус құрастыруда құрылыс материалдарының көлемін, пішінін ажырата алу; өздері жасаған құрылыстарымен ойын ойнауға, педагогтің қойған сұрақтарына жауап беруге және тыңдай білуге тәрбиелеу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Мұз» Мақсаты: Мұздың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Тәжірибе жасау барысында балалардың танып білуге деген құштарлықтарын дамыту. Жансыз табиғаттағы құбылыстарға деген қызығушылығын арттыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Маймақ аю маң-маң басады» Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастырады; аюдың ізін қылқаламмен үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету, жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуі мен белсенділігін дамыту, қыс мезгілінде аңдарға, жан-жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Қыс» Мақсаты: Көңілді шат-шадыман музыка тыңдауға, естуге ынталандыру. Қимылдық ойын арқылы ән айту Ән тыңдау: «Ақша қар» К.Қуатбаев Ән айту: «Ай-ай қысым-ай» А.Еспенбетова Әуенді-ырғақты қимыл-ойын: «Аққаланы құрастыр» Мүсіндеу Тақырыбы: «Әтешке арналған қоршау» Мақсаты: ермексазды домалақтап алып, алақанның ортасына салып сопақшалап есу арқылы қоршауға баған жасауға болатыны туралы түсінік беру; ойын арқылы мүсіндеу қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту, байланыстырып сөйлеу тілін жаттықтыру. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Үй құстарына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу	Өздеріне қызмет көрсету дағдыларын дамыту.

Кіші топ 2022 жыл ақпан айы

Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

Мақсаты: Балалардың өздерін қоршаған орталары туралы түсініктерін кеңейту, танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

Міндеттері:

- қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларына ие бала тұлғасын дамыту;
- адамгершілік нормаларын, төзімділікті және адамдарға құрмет таныту сезімдерін жетілдіру;
- қызықты қимылды жаттығулар, сенсорлық ойындар ұйымдастыру арқылы түсініктерін кеңейту;

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0
I апта	Ғажайыптар әлемі	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Бөренелерден аттап жүру. Бір орында тұрып бірқалыпты секіру. Қимылды ойын: «Ғажайып кедергі» ойыны» 2. Дене шынықтыру Орнынан ұзындыққа секіру (25-30 см) Шеңберден шеңберге аттау. Қимылды ойын: «Қоянша секір» 3. Дене шынықтыру Қарлы төмпешікке өрмелеу. (ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу) Қимылды ойын: «Мені қуып жет»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Аялайық гүлдерді Мақсаты: Балаларды бөлме гүлдерімен таныстыру кезінде сұрақ-жауап әдістерін қолданып, пассивті және белсенді сөздік қорларын кеңейту. Топтағы табиғат бұрышындағы гүлдердің атауларын үйрету. Өсімдіктерді баптауға, қамқор бола білуге тәрбиелеу. »	Сенсорика Тақырыбы: «Сақинаны ал» Мақсаты: заттарды түсі бойынша таңдай алуға үйрету; балаларда заттық-жабдықтық әрекетті қалыптастыру: таяқтың көмегімен түрлі түсті заттарды өзіне қарай жылжыту. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Сөйлеу тілдерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Сусыз тіршілік жоқ</i>» Мақсаты: Судың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Зерттеу жұмыстарының қарапайым тәсілдерін үйрету. Жансыз табиғаттағы құбылыстарға деген қызығушылығын арттыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Мәшиненің дөңгелектері» Мақсаты: қолжетімді материалдармен және қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. мәшиненің дөңгелегін тығын арқылы салуға үйрету, жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке әрекет көрсетуі мен белсенділігін дамыту, ойыншықтарды күтіп ұстауға, мұқият ойнауға тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Ғажайып сәт» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін кіргізу арқылы ғажайып сәт сыйлау.Өуенге әсерлену. Ән тыңдау: «Ертегі» Б.Жұмабекова Ән айту: «Шар» Б.Дәлденбаев Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Күлдіргішпен билейміз» 2.Музыка Тақырыбы: «Ғажайып сәт» Мақсаты: Ертегі кейіпкерлерін кіргізу арқылы ғажайып сәт сыйлау.Өуенге әсерлену. Әнді жеке және топпен айтуға машықтандыру. Ән тыңдау: «Ертегі» Б.Жұмабекова Ән айту: «Шар» Б. Дәлденбаев Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Күлдіргішпен билейміз»	Айналадағы болып жатқан маусымдық өзгерістерді бақылауға үйрету.
II апта	Көліктер	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Шашырап жүгіру. Еденде 10-20 см қашықтықта (екі арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру. Қимылды ойын: «Торғайлар мен машина» 2. Дене шынықтыру Жол бойымен еңбектеу. Ұсақ заттарды 1 м қашықтыққа лақтыру. Қимылды ойын: «Паровоз» 3. Дене шынықтыру Гимнастикалық орындық үстінде бір орында баяу айналу. Секіртпеден секіру. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Поезд» (өлеңі) Мақсаты: Өлеңді мұқият тыңдауға, мазмұнын түсінуге үйрету, балалардың поезд дыбысына еліктеп у- дыбысын созып, қимыл әрекеттерін жасап, айтуға үйрету. Қимылды ойын: «Поезд»	Құрастыру Тақырыбы: «Пойыз» Мақсаты: құрылыс материалдарының бөлшектерін: кірпіш, пластина т.б. ажырата алу, өздері жасаған құрылыстарымен ойын ойнау. құрылыс мазмұнына сәйкес ойыншықтарды пайдалану, пойызды құрастыра білуге үйрету; -сұрақтарға жауап беру арқылы сөйлеу тілін дамыту; Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Сабынды қолғап</i>» Мақсаты: Судың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру. Тануға деген қабілеті мен белсенділігін дамыту. Жансыз табиғаттағы құбылыстарға деген қызығушылығын арттыру	Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі түсті моншақтар» Мақсаты: бояулармен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрету, саусақ немесе бастырма арқылы моншақтың суретін салуға үйрету, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, әсемдікті, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Көліктер» Мақсаты: Музыкаға деген сезімдерін ояту, «бәсең» және «көтеріңкі» дыбыстарды айтуға дағдыландыру. Ән тыңдау: «Поезд келеді» (Зерек ботақан» жинағынан) Ән айту: «Асыл ана» А.Еспенбетова Әуенді –ырғақты қимыл: «Поезд сияқты кетеміз» (Зерек ботақан» жинағынан) Жапсыру Тақырыбы: «Жеңіл машина» Мақсаты: Көлік түрлерімен таныстыру, дайын пішіндерден жеңіл машина құрастыруды үйрету. Ойын жаттығу: «Машинаның дөңгелегін тап»	Қоғамдық көлік тердегі әдептілік.

III апта	Электроника әлемі	Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 1.Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Ойын-жаттығу: «Көреміз, қайталаймыз» (Экраннан көрсету және оны қайталау) 2. Дене шынықтыру Түзу және ирек жолдармен жүгіру. Жиектері шектелген тура жолақтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру. Музыкалық жаттығу: «Кірпілер билейді» 3. Дене шынықтыру Шеңберден шеңберге аттау. Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Қимылды ойын: «Көлшіктен аттап өт»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақты шомылдырамыз, ұйықтатамыз» Мақсаты: Балалармен киіну ережесі мен тазалық сақтау жайында әңгімелесу арқылы, балалардың белсенді сөздік қорын толықтыру. Балалардың ауызша сөйлеулерін дамыту. Қимыл-әрекетті білдіретін сөздерді меңгерту. Еңбекқорлыққа, тазалыққа баулу.	Сенсорика Тақырыбы:Тауық және оның балапандары Мақсаты:түстің әртүрлі заттардың белгісі бола алатындығына назарларын аударуға үйрету. түс заттардың сипатын білдіру үшін қолданылуы мүмкін екендігіне балалардың назарын аудару. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Балаларды үй құстарына қамқорлық көрсетуге тәрбиеле Жаратылыстану Тақырыбы: <i>«Қар кесектері»</i> Мақсаты:Қардың кей кезде бір-біріне жабысатын қасиеті бар екенін, одан қар кесектерін жасауға болатынын түсіндіру. Балалардың ойлау, зейін қою, сезіну қабілетін, қойылған сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту. Табиғатты аялай білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Үйдің терезесіндегі жарық» Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, қылқаламмен үзік сызықтарды кеңістікте дұрыс орналастыра сызуды үйрету, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, сурет салуға деген қызығушылыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: <i>«Ғажайыптар әлемі»</i> Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, оларға тән ерекшеліктерді тани білуге қалыптастыру. Ән тыңдау: «Фиксики» (мультфильм әуені) Ән айту: «Асыл ана» А.Еспенбетова Әуенді –ырғақты қимыл: «Поезд сияқты кетеміз» (Зерек ботақан» жинағынан) 2.Музыка Тақырыбы:<i>«Ғажайыптар әлемі»</i> Мақсаты: Музыканы тыңдай білуді, оларға тән ерекшеліктерді тани білуге қалыптастыру. Ән тыңдау: «Фиксики» (мультфильм әуені) Ән айту: «Көп жаса анашым» Қ.Қайым Әуенді –ырғақты қимыл: «Поезд сияқты кетеміз» (Зерек ботақан» жинағынан)	Заттарды күтіп ұстауға үйрету.
IV апта	Мамандықтың бәрі жақсы	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Бір бағытта шеңбер бойымен жұптасып жүру. Доға астынан допты домалатып өту. Қимылды ойын: «Доп шеңбер ішінде» 2. Дене шынықтыру Допты алға домалату, қуып жету. Бір сызықтан қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Допты домалат» 3. Дене шынықтыру Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсіру. Скаймен музыкалық жаттығулар орындау	Көркем әдебиет Тақырыбы: <i>«Дәрігер Айболит»</i> (ертегі мультфильмін көрсету) Мақсаты: Балаларды мейрімділікке, өзге адамдарға, жануарларға қамқорлық қатынасын білдіруге талаптандыруды жалғастыру. Лото ойыны: «Топтастыр»	Құрастыру Тақырыбы: «Трамвай» Мақсаты: үлкендердің көмегімен құрылыс материалдарынан трамвай құрастыруға үйрету, көлемі мен пішініне сәйкес ажырата алу қабілеттерін дамыту; жасаған құрылыстарымен ойнау және педагогтің сұрақтарына жауап беру, оны тыңдай білу арқылы сөйлеу тілін дамыту. -құрылыс материалдарын жинастыру арқылы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: <i>«Пияз»</i> Мақсаты: Пияз туралы және оның өсіп-жетілуіне қандай қажетті жағдайлар қажет екенін түсіндіру. Қарапайым жұмыстар мен тапсырмаларды орындауға қызығушылығын ояту	Сурет салу Тақырыбы: «Торғайларға жем шашамыз» Мақсаты: қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. фломастермен, қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету, ойын тәсілдері арқылы ой-қиялдарын дамыту, құстарға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу Музыка Тақырыбы: <i>«Мамандықтың бәрі жақсы»</i> Мақсаты: Мамандық түрлері, қажеттілігі туралы әңгімелеу. Әуенге ілесе жеңіл би қимылдарын (тербелу, бір орында айналу) жасау. Ән тыңдау: «Мен дәрігер боламын» Е.Өміров Ән айту: «Көп жаса анашым» Қ.Қайым Әуенді –ырғақты қимылды ойын: «Көңілді ырғақ» биі. (Итальян полькасы) Мүсіндеу Тақырыбы: «Сәуле саңырауқұлақ жинауда» Мақсаты: сазбалшықтың құрамымен таныстыру. әртүрлі пішіндерді біріктіру арқылы саңырауқұлақтарды мүсіндеу, сазбалшықты домалақтап және сопақшалап илеуді үйрету, алақан арасына дөңгелекті салып тегістеу, саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойын кейіпкерлеріне деген мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу	Үлкен дердің еңбегін бағалауға үйрету

Кіші топ 2022 жыл наурыз айы

Өтпелі тақырып: «Салт-дәстүрлер және фольклор»

Мақсаты: Қазақ және басқа халықтардың салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға тәрбиелеу;

Міндеттері:

- ұлттық мерекелер туралы түсініктерін кеңейту және дамыту;
- шығармашылық білім беру саласы бойынша балаларды ұлттық өнерге, салт-дәстүрлерге баулу;
- ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру;

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет» -0
I апта	Қазақсан халқының салттары мен дәстүрлері	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Шеңбер бойымен аяқтың ұшымен жүру. Арқанның астымен нысанаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Арқан тарту» 2. Дене шынықтыру Орнынан ұзындыққа секіру (30-35см). Текшелерге шығу, қолын жоғары көтеру және түсу. Музыкалық жаттығу «Қошақанмен биле» 3. Дене шынықтыру Жуан арқан бойымен бір қырындап адымдай жүру. Допты 1 м қашықтықтағы қақпаға домалату. Қимылды ойын: «Асықты жина»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Киім дүкені. Мақсаты: Байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру. Балалардың ауызша сөйлеулерін дамыту. Балаларды киім түрлерімен таныстыру, ұл мен қыздың киімін ажырата білуге үйрету. Бір-екі сөздермен сөйлем құратып, ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Ұқыптылыққа баулу.	Сенсорика Тақырыбы: «Шыршалар мен саңырауқұлақтар» Мақсаты: заттарды түсі бойынша таңдай алуға үйрету. балалар назарын түстің әртүрлі заттарды бейнелеу үшін қолданылуы мүмкін екеніне аудару; түстері бойынша нысандарды алмастыруды үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу Жаратылыстану Тақырыбы: «Айналамыздағы заттар» Мақсаты: Балалардың төңірегімізді қоршап тұрған заттар әлемі туралы түсінігін арттырып, білімін нығайту. Көру арқылы қабылдау және зейін қою, қалыптасқан жағдайға қатысты қарапайым нұсқаулықтарды түсіну және орындау қабілетін дамыту. Қоршаған ортаны аялай білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Орамалды безендіреміз» Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету, саусақ, қол қимыл-қозғалыстары мен икемділіктерін дамыту, балаларды әсемдікті көре білуге тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Қазақсан халқының салттары мен дәстүрлері» Мақсаты: Өндегі қайталанатын тіркестерді, ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Тұсау кесу» Халық әні Ән айту: «Ақ әжем» К.Қуатбаев Әуенді-ырғақты қимылды ойын: «Шабандоздар» биі. 2.Музыка Тақырыбы: «Қазақсан халқының салттары мен дәстүрлері» Мақсаты: Өндегі қайталанатын тіркестерді, ересектердің дауыс интонациясына салып, айту дағдыларын қалыптастыру. Биге икемділіктерін жетілдіру. Ән тыңдау: «Тұсау кесу» Халық әні Ән айту: «Ақ әжем» К.Қуатбаев Әуенді-ырғақты қимылды ойын: «Шабандоздар» биі.	Үлкендердің сөзін тыңдауға үйрету.
II апта	Ертегілер елінде. Театр әлемі	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Бір және екі қолмен еденге ұру. Еңіс тақтайдың үстімен тепе-теңдік сақтап жүру. Қимылды ойын: «Машаны қуып жет» 2. Дене шынықтыру Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру. 30-40 секунд бойына үзіліссіз жүгіру. Қимылды ойын: «Бауырсақпен бірге аттайық» 3. Дене шынықтыру Түзу сызық үстімен аяқ ұшымен жүру. Алға қарай ұмтыла затқа дейін екі аяқтап секіру (10-15см). Қимылды ойын: «Кім жылдам?»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қасқыр мен жеті лақ» (<i>ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналау</i>) Мақсаты: Балаларды ертегі тыңдауға және әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарына талдау жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Кейіпкерлерді ата»	Құрастыру Тақырыбы: «Көпір » Мақсаты: құрылыс материалдарының бөлшектерін дұрыс атай білу, бірнеше бөлшектерді дұрыс орналастыру, біріктіру, қосу, үстіне қою арқылы көпір құрастыруға үйрету.; құрылыс материалдарының көлемін, пішінін ажырата алу; көрнекі, бейнелі ойлауларын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Жануарлардың сүйікті қорегі» Мақсаты: Жануарларға тән ерекшеліктермен таныстыру. Тірі нысандарды бақылау қабілетін дамыту. Қайырымды болуға үйрету, жануарлар әлемі өкілдеріне қамқорлық жасауға деген құштарлығын ояту	Сурет салу Тақырыбы: «Қуыршақтың көйлегін безендіреміз» Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. қылқаламмен немесе саусақпен көйлекті дөңгелек пішіндермен (үлкен, кіші) безендіруге үйрету; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту, саусақтарының икемділігін арттыру, көйлекті әдемі әшекейлеу арқылы ой-қиялдарын дамыту, сурет салуға деген қызығушылыққа және талғампаздыққа тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Наурыз тойын тойлаймыз!» Мақсаты: Музыкамен иллюстрациялармен сүйемелденген әңгімелерді қызығушылықпен тыңдауға баулу. Ән тыңдау: «Наурыз келді алақай! А.Еспенбетова Ән айту «Наурыз келді, алақай!» Б. Жұмабекова Әуенді-ырғақты қимылды ойын: «Қамажай» (Халық әні) Жапсыру Тақырыбы: «Бауырсақ» Мақсаты: кеңістік бетіндегі түзу сызықтың үстіне дөңгелек пішінді дұрыс орналастыруға үйрету Дидактикалық ойын: «Сәйкесінше орналастыр»	Ертегі кейіпкерлерінің мінез –құлқын тануға үйрету.

III апта	Өнер көзі халықта	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 10 см биіктікке көтеріле өрмелеу. Жолмен жалаушаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Тышқан мен мысық» 2.Дене шынықтыру Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру. Музыкалық -қимылды ойын: «Қамшы алу» Таяқшадан қос аяқтап секіру. 3.Дене шынықтыру Доғаның астымен допты домалатып еңбектеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам?»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі. Мақсаты: Ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, балалардың ауызша сөйлеулерін дамыту. Байланыстырып сөйлеулерін қалыптастыру. Ертегі кейіпкерлерінің бір-біріне айтқан сөздерін айтқызу арқылы оны сахналауға талпындыру. Еңбекқорлыққа баулу.	Сенсорика Тақырыбы: «Бақбақ Гүлдер» Мақсаты: заттарды үлгі бойынша орналастыра алуға үйрету; фланелеграфта түрлі түсті геометриялық пішіндерді – дөңгелек пен үшбұрышты орналастыруды үйрету; балалар назарын белгілі бір түстегі пішінді әртүрлі заттарды бейнелеу (бақбақ гүлді) үшін қолданылуы мүмкін екеніне аудару; ұсақ қол моторикасын дамыту. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «Көктем келді» Мақсаты:Көктем мезгілінде болатын маусымдық өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру. Ойлау, зейін қою, сезіну қабілетін; қойылған сұрақтарға жауап беру қабілетін дамыту. Табиғатты аялай білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Кілемді әшекейлейміз» Мақсаты: бояулармен сурет салу дағдыларын қалыптастыру; түрлі түсті бояуларды пайдаланып кілемді безендіруге үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту, қылқаламды үш саусақпен дұрыс ұстауға үйрету, сурет салуға деген ынта-ықыластарын арттыру, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Өнер көзі-халықта!» Мақсаты: Музыканы тыңдай отырып, қол қимылдарын: «шапалақ-шапалақ», аяқ қимылдарын: «топ-топ» жасау дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Кел, билейік!» Б.Байқадамов Ән айту «Наурыз келді, алақай!» Б. Жұмабекова Әуенді-ырғақты қимылды ойын: «Қамажай» (Халық әні) Музыка Тақырыбы: «Өнер көзі-халықта» Мақсаты: Музыканы тыңдай отырып, қол қимылдарын: «шапалақ-шапалақ», аяқ қимылдарын: «топ-топ» жасау дағдыларын қалыптастыру. Ән тыңдау: «Сок, барабан» (Үнтаспада барабан үні.) Ән айту: Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Киіз үйлер құрамыз»	Балалардың өздеріне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. Қолды дұрыс жууға үйрету.
IV апта	Нұр төккен, гүл көктем	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Ауданы 50*50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу. Қимылды ойын: «Секіргіш көжектер» 2.Дене шынықтыру Таяқшалардан қос аяқпен секіру. Қабырғадағы гимнастикалық баспалдаққа өрмелеу. Қимылды ойын: «Теңге алу» 3.Дене шынықтыру Бір тізбекпен жүру. Баяу, қарқынды өзгерте отырып жүгіру. Спорттық іс-шара: «Көкпар»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Наурыз мейрамы» (сурет бойынша әңгімелесу) Мақсаты: Әңгіменің мазмұнын ұғынуға көмектесу, <i>мейрам, наурыз</i> және тағы да басқа жаңа сөздердің мағынасын түсіндіру. Үстел-үсті ойыны: «Қоржынды құрастыр»	Құрастыру Тақырыбы: «Ұшақ» Мақсаты: құрылыс материалдарымен құрастыруға үйрету, ұшақ жасау үшін қандай құрылыс материалдары керек екенін түсіндіру, құрылыс материалдарының түрлерін ажырата алу, аттарын атай білу және оның бөлшектерін тандап, ұшақ құрастыруды үйрету; ықыластарын, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілін дамыту; Жаратылыстану Тақырыбы: «Қағаз» Мақсаты: Қағаздың қасиеттерімен таныстыру. Қарапайым зерттеу жұмыстарын жасай білу қабілетін дамыту. Ересектердің еңбегіне құрметпен қарай білуге үйрету	Сурет салу Тақырыбы: «Түрлі түсті сакиналар» Мақсаты: гуашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, қол, саусақ қимыл-қозғалыс икемділігін бейімдей отырып дөңгелек пішін салуға үйрету, бояу түстерін ажырату дағдыларын қалыптастыру, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту, сурет салуға қызығушылыққа және түстердің үйлесімділігін сезіне білуге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Көктем күні тамаша!» Мақсаты: Көктем мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Ән тыңдау: «Көктем» А.Еспенбетова Ән айту: «Жаңбыр» А.Айтуова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Күн мен жаңбыр» Мүсіндеу Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған білезік» Мақсаты: әшекейлерді мүсіндеу түсініктерін қалыптастыру, ермексазды алақан арасына және жазықтықта домалақтау арқылы домалақ және сопақ пішіндерді жасау, білезікті мүсіндеуді үйрету; бір-біріне мықтап басу арқылы ұштарын біріктіру. Заттың түсін, пішінін сезіну, көзмөлшерін, сөйлеу тілін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру; тақырып бойынша сөздігін белсендіру. Ермексазбен жұмыс жасағанда ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Айналасын дағылармен қарым-қатынас жасауға үйрету

Кіші топ 2022 жыл сәуір айы

Өтпелі тақырып: «БІЗ ЕҢБЕКҚОР БАЛАМЫЗ»

Мақсаты: Балаларды қарапайым еңбек дағдыларына баулу және еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Олардың сөйлеуін, зейінін және қиялын дамытуға ықпал жасау.

Міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек дағдыларын жетілдіру;
- үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету;
- танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0
I апта	Аялайық гүлдерді	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Орнынан ұзындыққа секіру. (35-40см). Текшелерден аттап өту. Қимылды ойын: «Гүлдерді жинайық» 2.Дене шынықтыру Ирелендеген баудың бойымен еркін жүру. Нысанаға дейін еңбектеу. Қимылды ойын: «Құмыраны толтыр» 3.Дене шынықтыру Допты алдарындағы доғадан домалатып өткізу. Кеглилер арасымен қос аяқпен секіру. Қимылды ойын: «Доп шеңбер ішінде»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Бөлмедегі жиһаздар» Мақсаты: Бөлмедегі жиһаздар жайында ойын жеткізе алу қабілетін дамыту. Байланыстырып сөйлеу техникасын кеңейту. Бөлмедегі жиһаздардың атауын айтқызып, дағдыландыру. Оларды күтіп ұстауға тәрбиелеу.	Сенсорика Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған тартулар» Мақсаты: өлшемі әртүрлі біртекті заттарды 2 топқа бөле алуға үйрету. балалар назарын заттардың өлшеміне аудару, оларда өлшем айырмашылығы мен ұқсастықты орнатудың қарапайым тәсілдерін қалыптастыру; «осындай», «мұндай емес», «үлкен», «кішкентай» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Шуақты күн</i>» Мақсаты: Жансыз табиғаттағы нысандардың өздеріне тән белгілерімен таныстыру. Қарапайым зерттеушілік дағды қалыптастыру.	Сурет салу Тақырыбы: «Жылғалардан су ақты» Мақсаты: үзік сызықтарды салу дағдыларын қалыптастыру. көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру; қылқаламмен ирек сызықтар сызуды жалғастырып, бояуды үйрету, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, жыл мезгілдеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Қызыл, сары көп гүлдер» Мақсаты: Ән-әуенге әсерлену. Әуеннің ырғағына сай жай басып жүруге, жүгіруге, ырғақты сезіне білуге үйрету. Ән тыңдау: «Гүлдер» әні Ән айту: «Жаңбыр» А.Айтуова Әуенді-ырғақты қимыл- ойын: «Гүлдермен билейміз» 2.Музыка Тақырыбы: «Қызыл, сары көп гүлдер» Мақсаты: Ән-әуенге әсерлену. Әуеннің ырғағына сай жай басып жүруге, жүгіруге, ырғақты сезіне білуге үйрету. Ән салу дағдыларын жетілдіру. Ән тыңдау: «Гүлдер» әні Ән айту: «Жаңбыр» А.Айтуова Әуенді-ырғақты қимыл- ойын: «Гүлдермен билейміз»	Балаларды таза ауадағы серуен кезінде бірігіп ойнауға үйрету.
II апта	Ас атасы-нан	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп,бір орнында баяу айналу. Қимылды ойын: «Жолдан шықпа» 2.Дене шынықтыру Шеңберден шеңберге секіру. Қабырғадағы гимнастикалық баспалдаққа өрмелеу. Қимылды ойын: «Төбешікке мінеміз» 3.Дене шынықтыру Заттардың арасымен қолды белге қойып, аяқтың ұшымен жүру. Кішкентай допты оң қолдарымен себетке лақтыру. Қимылды ойын: «Астық жинаймыз»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бауырсақ» <i>(орыс халық ертегісі, ертегінің жаңа нұсқасын көрсету)</i> Мақсаты: Ертегіні тыңдауға қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту. Ойын тапсырма: «Бауырсақтың жолы»	Құрастыру Тақырыбы: «Төбешік» Мақсаты: төбешікті және оның басқыштарын құрастыруды үйрету, қажетті құрылыс материалдарын дұрыс пайдалана алуға жаттықтыру, құрылыс материалдарының түсін, пішінін, көлемін ажырата алуды үйрету; төбешіктің биіктігін және басқыштарды орналастыру арқылы көз мөлшерін дамыту, «текше», «үшбұрыш» ұғымдарын түсіндіру, есте сақтау қабілетін дамыту; құрастырып болғаннан кейін құрылыс материалдарын жинап қоюға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Жануарлар тіршілігі</i>» Мақсаты: Жануарларға тән ерекшеліктер туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. Білуге деген құштарлығын, есте сақтау қабілетін, зейінін, сөйлеу қабілетін дамыту.	Сурет салу Тақырыбы: «Құстар ұшады» Мақсаты: балалардың дәстүрден тыс тәсілмен сурет салу біліктерін қалыптастыру, балаларға алақанның көмегімен сурет салудың әдістерін көрсету; ойлау қабілеттерін арттыру, қолдың ұсақ моторикасын және тіл байлықтарын дамыту, сұраққа жауап беруге үйрету, тақырып бойынша сөздік қорларын көбейту, құстарға деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Ас атасы-нан» Мақсаты: Әуен ырғағын тындап, еркін қимылдауын қадағалайды. Ән мәтініне сәйкес қимылдау. Ән тыңдау: «Ас атасы-нан» Б.Жұмабекова Ән айту: «Бауырсақтың әні» (Бауырсақ ертегісінен) Әуенді- ырғақты қимыл- ойын: «Қуып жет!» . Жапсыру Тақырыбы: «Жүк машинасы» Мақсаты: Егістік көлік түрлерімен таныстыру, дайын пішіндерді қолдана отырып, композиция жасауға үйрету. Дидактикалық ойын: «Машинаның дөңгелегін таңда»	Балалардың өзін- өзі ұстауға үйрету

III апта	Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Бөренелерден аттап өту. Допты бір-біріне еңкейіп тұрып домалату. Қимылды ойын: «Ұсталған шыбындар» 2. Дене шынықтыру Белгі бойынша тоқтап, жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен,қолды белге қойып жүріп өту. Қимылды ойын: «Аралар» 3.Дене шынықтыру Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелендеп жүгіру. Гимнастикалық орындық үстімен,қолды белге қойып жүріп өту. Қимылды ойын: «Тордағы құс»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Қуыршақ қонаққа келді» Мақсаты: Ыдыс-аяқ атауларын меңгерту арқылы пассивті және белсенді сөздік қорын кеңейту. Түрлі әрекеттерді ауызша жеткізу қабілетін дамыту. Балаларға ыдыстар мен тағамдардың аттарын үйрету, оларды ажыратуға жаттықтыру. Қонақ күту ережелерімен таныстыру.Қонақжайлылыққа баулу.	Сенсорика Тақырыбы: «Түрлі түсті шалғын» Мақсаты: әртүрлі заттарды өлшемі бойынша салыстыруды үйрету. үлгідегідей орналастыруды үйрету, сөйлеу тілдерін дамыту; ойлау қабілетін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Ауладағы құстар</i>» Мақсаты: Балаларды үй құстарына тән ерекшеліктермен таныстыру. Көру арқылы қабылдау және зейін қою, қалыптасқан жағдайға қатысты қарапайым нұсқаулықтарды түсіну және орындау қабілетін дамыту. Жануарлар әлемі өкілдеріне қамқорлық жасауға, оларды аялауға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Шөптегі қанқыз» Мақсаты: бояулармен жұмыс жасау біліктерін қалыптастыру, балаларға шөпті бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы салуды үйретуді жалғастыру; үш саусағымен қылқаламды дұрыс ұстауды; қолдың ұсақ моторикасын және тіл байлықтарын дамыту, сұраққа жауап беруге үйрету; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Жәндіктер әлемінде» Мақсаты: Көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін дамыту. Ән тыңдау:«Араның әні» А.Еспенбетова Ән айту: «Көбелек» К.Қуатбаев Әуенді- ырғақты қимыл-ойын: «Көбелектер биі» 2.Музыка Тақырыбы: «Жәндіктер әлемінде» Мақсаты: Таныс әуенді тыңдау, тану. Қимыл-қозғалыс белсенділіктерін арттыру. Ән тыңдау: «Араның әні» А.Еспенбетова Ән айту: «Көбелек» К.Қуатбаев Әуенді- ырғақты қимыл-ойын: «Шегірткелер секіреді»	Ересектердің берген тапсырма ларын орын дауға дағдыландыру
IV апта	Еңбек бәрін жеңбек	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Жуан арқан бойымен бір қырындап адымдай жүру. Допты нысанаға көздеп лақтыру. Қимылды ойын: «Кубиктерді жинастыр» 2.Дене шынықтыру .Бағытты өзгертіп жүгіру. Доғаның астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» 3. Дене шынықтыру Допты бір метр қашықтықтағы қақпаға домалату. Допты қос қолдап торға лақтыру. Спорттық іс-шара: «Ептілер, күштілер»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Алғашқы көмек» (әңгіме) <i>Ж.Бұғыбаев</i> Мақсаты: Балаларды әдеби кейіпкерлердің әрекеттері мен жүріс-тұрыстарын талдауға, оларға баға беруге, өзінің көзқарасын білдіруге үйрету. Ойын тапсырма: «Қуыршаққа көмектес»	Құрастыру Тақырыбы: «Қайықтар» Мақсаты:үлкендердің көмегімен құрастыруды жалғастыру, құрылыс материалдарынан қайық құрастыра алуға үйрету. құрылыс материалдарының бөлшектерін ажырата алу және ұзын, қысқа тақтайшаларды құрылыстың бөліктеріне сәйкес орналастыра алуға үйрету; сөйлеу тілін, ұсақ қол моторикасын дамыту; Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Жүзеді – жүзбейді</i>» Мақсаты: Балалардың заттардың жүзгіштік (қалқу) қабілеті туралы түсінігін нығайту. Сумен эксперимент жасау арқылы балалардың танымдық қызметке деген қызығушылығын арттыру. Өзінің қатар құрбыларына қайырымды болуға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Шалғындағы бақбақтар» Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. балаларды егістікте өсіп тұрған бақбақ гүлінің пішінін, әдемілігін сурет арқылы жеткізуге үйрете отырып, бояумен жұмыс істеу біліктіліктерін жетілдіру, өздері салған суреттеріне қуана білуге және эстетикалық талғамы мен шығармашылығын дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Біз еңбекқор баламыз» Мақсаты:Әнді тыңдауға және әуенге жеңіл қозғалуға, шенбер бойымен тұруға, жүруге, жұптаса билеуге дағдыландыру. Ән тыңдау: «Қолқанат» Д.Омаров Ән айту «Мамыр айы келіпті» Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кел, кел құрбым билейік!» Мүсіндеу Тақырыбы: «Иттің итаяғы» Мақсаты: балаларды ермексаздың кесектерін дұрыс пайдалана отырып, домалақтар жасауға үйрету. «Ит – жеті қазынаның бірі» деген мақалдың мәнін түсіндіру. Шығармашылық, таным ой-қабілеттерін дамыту. Сөйлеу тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Жануарларға көмектесуге тәрбиелеу	Өз тілектерін білдіру үшін қажетті сөздерді қолдануға үйрету.

Кіші топ 2022 жыл мамыр айы

Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін!»

Мақсаты: Балалардың бойында адамгершілік қасиеттерін анықтау, оларды достық сезімге, мейрімділікке тәрбиелеу;

Міндеттері:

- балалардың топтағы қарым-қатынас дағдыларын анықтау және дамыту;
- достыққа, мейрімділікке жетелейтін іс-шаралар, ойындар т.б. өткізу;
- өз еліне құштарлық сезімдерін ояту, ой-өрісін дамыту.

Апта	Тақырып	«Денсаулық» - 3 Дене шынықтыру-3	«Қатынас» -1 Сөйлеуді дамыту-0,5 Көркем әдебиет-0,5	«Таным»-2 Сенсорика-0,5 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану-1	«Шығармашылық»-3 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25 Музыка-1,5	«Әлеумет»-0
I апта	Достық-біздің тірегіміз	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) 30-40 секунд бойы үзіліссіз жүгіру. Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу. Қимылды ойын: «Кім жылдам» 2.Дене шынықтыру Еңіс тақтай үстімен жүру. Гимнастикалық таяқшалардан аттап жүру. Музыкалық жаттығу: «Достар жаттығуы» 3.Дене шынықтыру Шеңбер бойында қолдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасай жүру. Ауданы 50х50см, биіктігі 10см мінбеге өрмелеу. Қимылды ойын: «Досыңа допты домалат»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Үй жануарларының төлдері» Мақсаты: Балаларды халық ауыз әдебиеті шығармашылығына баулу. Пассивті және белсенді сөздік қорын кеңейту. Байланыстырып сөйлеу техникасын кеңейту. Жануарлардың төлдерін ажырата білуге үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрату арқылы ақыл-ойларын дамыту.	Сенсорика Тақырыбы: «Ұшатын көбелектер» Мақсаты: негізгі түстерді (қызыл, сары, жасыл, көк) атау, тани алу дағдыларын бекіту. Қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Құмнан жасалған заттар</i>» Мақсаты: Балаларды табиғаттағы материалдардың (құм) қасиеттерімен таныстыру. Білуге деген құштарлығын, есте сақтау қабілетін, зейіні мен сөйлеу қабілетін дамыту. Бірге ойнаған достарына (серіктеріне) достық қарым-қатынас жасауға баулу.	Сурет салу Тақырыбы: «Мерекелік отшашу» Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. мерекелік отшашудың әдемілігін сурет арқылы жеткізуге, отшашудың суретін салуға үйрету, бояумен жұмыс істеу тәсілдерін жетілдіру, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы: «Біздер тату достармыз» Мақсаты: Өзара достық, татулыққа тәрбиелеу. Ынтымақ мерекесі туралы түсінік беру. Ән тыңдау: «Достық» И.Нүсіпбаев Ән айту «Мамыр айы келіпті» Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кел, кел құрбым билейік!» 2.Музыка Тақырыбы: «Біздер тату достармыз» Мақсаты: Өзара достық, татулыққа тәрбиелеу. Ынтымақ мерекесі туралы түсінік беру. Жаңа ән үйрену Ән тыңдау: «Достық» И.Нүсіпбаев Ән айту «Біз-көңілді қуыршақ» А.Еспенбетова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Кел, кел құрбым билейік!»	Ересектерді ынтамен тыңдай білу дағдыларын қалыптастыру.
II апта	Отан қорғаушылар	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Орындық астымен еңбектеп өту. 0,5-1,5метр арақашықтықта отырған қалыпта доптарды бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Нысанаға дәлде» 2.Дене шынықтыру Гимнастикалық орындық үстінде қолдарын жанына жая жүріп өту. Еден үстінде созылып жатқан арқан үстінде бір қырымен жүру. Қимылды ойын: «Ұшақтар» 3.Дене шынықтыру Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру. Доға астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Кішкентай мергендер»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Қайырымдылық» (әңгіме) <i>Д.Далабеков</i> Мақсаты: Балаларды тыңдағандары, көргендері туралы айтып беру дағдыларын бекіту. Ойын тапсырма: «Бізге кім келгенін тап»	Құрастыру Тақырыбы: «Жиһаз» Мақсаты: құрылыс материалдарынан жиһаздар құрастыруға үйрету. құрылыс материалдарының аттарын атай білу, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; жасаған құрылыстары туралы айту арқылы тілін дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Әдемі бақбақ</i>» Мақсаты: Өсімдіктер әлемі туралы қарапайым түсінік қалыптастыру (көктемнің алғашқы гүлдері). Табиғаттағы нысандарды бақылау қабілетін дамыту. Табиғатты аялай білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Қошақанға шөп береміз» Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру, жасыл түсті пайдалана отырып шөптің суретін салуға үйрету, саусақ бұлшық еттерін, қол қимыл-қозғалыс икемділіктерін дамыту, үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Ағалардай боламыз» Мақсаты: Отан қорғаушылардың істерін үлгі ету. Ырғақпен нық басып жүруге, әуенді сезіне білуге баулу. Ән тыңдау: «Ағалардай боламыз» Ән айту «Біз-көңілді қуыршақ» А.Еспенбетова Әуенді ырғақты қимыл-ойын: «Көңілді марш» Ә. Бестібаев Жапсыру Тақырыбы: «Түрлі түсті жалаушалар» Мақсаты: Жалаушаларды түсіне қарай араластыра тізбектей білулерін бекіту. Дидактикалық ойын: «Түстерді ата»	Айналасындағы лармен қарым-қатынасты реттеу үшін, қажетті сөздерді қолдана білуге үйрету.

III ауға	Көңілді жаз	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Құм салынған қапшықты жәшікке лақтыру. Аласа орындық үстінде еңбектеу. Қимылды ойын: «Көбелекті ұста» 2. Дене шынықтыру Бір және екі қолмен допты еденге ұру. Таспалардан аттап өту. Қимылды ойын: «Менің көңілді добым» 3.Дене шынықтыру Жүруден жүгіруге және керісінше ауысу. Доптарды бір-біріне домалату. Қимылды ойын: «Көлшік судан атап өт»	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Үй құстарына жем береміз» Мақсаты: Балаларға үй құстары жайында мағлұмат беру арқылы олардың ауызша және байланыстыра сөйлеу техникасын дамыту. Үй құстары және олардың пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. Сурет бойынша әңгіме құрату арқылы ауызекі сөйлеулерін және есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды үй құстарына қамқор бола білуге тәрбиелеу.	Сенсорика Тақырыбы: «Дөңгелек Күн» Мақсаты: әртүрлі заттарды түсі және пішіні бойынша сәйкестендіре алу дағдыларын бекіту, тапсырыс пен сөздік мағынасы бойынша, заттар түсіне қарай заттарды іріктеп таңдауды үйрету; балалардың түс пен пішін жайлы білімдерін бекіту; қабылдауды, есте сақтауды, көрнекі-бейнелік ойлауды дамыту; балаларды әртүрлі сенсорлық сезінулермен байыта отырып, қоршаған ортада бағдарлау тәжірибесін кеңейтіп, талпынушылық пен білуге деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Жасыл шөп</i>» Мақсаты: Өсімдіктер әлемі (шөптер) туралы қарапайым түсінік қалыптастыру. Білуге деген құштарлығын, есте сақтау қабілетін, зейінін, сөйлеу қабілетін дамыту. Табиғатты аялауға үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Үлкен және кішкентай доптар» Мақсаты: құмға сурет салу дағдыларын қалыптастыру. балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда сурет салуды үйрету, саусақтарының икемділіктерін арттыру, өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу. 1.Музыка Тақырыбы:«Көңілді жаз» Мақсаты: Би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау. Ойын барысын тыңдап, белсене араласу. Ән тыңдау: «Жаз келді, алақай» А.Айтуова Ән айту: «Күн» Г.Әбдірахманова Әуенді –ырғақты қимыл-ойын: «Күн мен түн» қимылды ойын 2.Музыка Тақырыбы:«Көңілді жаз» Мақсаты: Би қимылдарын әуенге сай қозғалуды қадағалау. Ойын барысын тыңдап, белсене араласу. Көңілді орта қалыптастыру. Ән тыңдау: «Жаз келді, алақай» А.Айтуова Ән айту: «Күн» Г.Әбдірахманова Әуенді –ырғақты қимыл-ойын: «Күн мен түн» қимылды ойын	Күрделі емес тапсырмаларды өз беттерінше орындау дағдыларын қалыптастыру.
IV ауға	Мен жасай аламын	1.Дене шынықтыру (негізгі қимылдар) Бір қалыпты жүру. Ұсақ заттарды 1 м қашықтыққа лақтыру. Қимылды ойын: «Мен дәл тигіземін» 2.Дене шынықтыру Гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп,бір орнында баяу айналу. Музыкалық жаттығу: «Менен кейін қайтала» 3.Дене шынықтыру Жол бойымен еңбектеу. Гимнастикалық орындық үстінде тұру, қолын жоғары көтеру және түсу. Спорттық іс-шара: «Біз спортшылармыз»	Көркем әдебиет Тақырыбы: «Әке мен бала» (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин Мақсаты: Шығарманы тыңдай білу дағдыларын бекіту. Үлкенді тыңдауға, өзіне берілген тапсырманы орындай білуге және шыдамдылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын: «Кім не істейді? »	Құрастыру Тақырыбы: «Кресло» Мақсаты: құрылыс материалдарын дұрыс пайдалану, құрылыс материалдарынан және ірі конструктор бөлшектерінен құрастыру, бірнеше бөлшектерді пайдалану дағдыларын қалыптастыру, олардың көлемі, пішінін ажырата білу, құрастыру дағдыларын бекіту; жиназдарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Жаратылыстану Тақырыбы: «<i>Алақай, жаз келді!</i>» Мақсаты: Балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсінігін жүйелендіру. Көру арқылы қабылдау және зейін қою, қалыптасқан жағдайға қатысты қарапайым нұсқаулықтарды түсіну және орындау қабілетін дамыту. Табиғатты аялай білуге үйрету.	Сурет салу Тақырыбы: «Күн жарқырап тұр» Мақсаты: саусағымен құмда сурет салудың бастапқы техникасын қалыптастыру. құмда үздіксіз айналмалы сызықтар жүргізуді; қолдың ұсақ моторикасын,үлгі бойынша жұмыс жасауды, сөз байлықтарын дамыту. Айналасына қызығушылық танытуға тәрбиелеу. Музыка Тақырыбы: «Ән саламыз, билейміз» Мақсаты: Көпке ілесе қимылдау, екеуден айналу дағдыларын дамыту. Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Ән тыңдау: «Биші болам өскенде» Б.Ғизатов Ән айту: Жетекшінің таңдауы бойынша өткен әндерге шолу Әуенді –ырғақты қимыл-ойын: «Кел-балақан» К.Қуатбаев Мүсіндеу Тақырыбы: «<i>Ойыншық құламақ</i>» Мақсаты: жеке бөліктерді бір-біріне бекітуді үйрету, баланың домалақ пішін жайлы танымын арттыру. Құламақтың денесінің ерекшелігімен таныстыру, кеудесі, басы және аяқ-қолдары домалақ пішіннен тұратынын түсіндіру. Сөйлеу тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу	Өзін –өзін ұстаудың нормаларын меңгерген және жағымды әдеттері қалыптасқан.

